



ШЕШІМ

28.04.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 487/63-VI

город Нур-Султан

«Астана қаласының мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 115/17-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы № 6 Жарлығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 115/17-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1098 тіркелген, 2017 жылдың 20 сәуірінде «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімінің атауындағы, 1, 1-1-тармақтарындағы «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы


А. Табулдина


М. Шайдаров

0002353